

Ұстаз есімі мәртебелі кітапқа жазылды

Отыз жылдан астам уақытын білім беру саласына арнап, нәтижелі еңбекімен танылған Болатбек ОТАШЕВТІҢ жетістіктері жайлы акларт «Қазақстанның Алтын кітабына» жазылды.

Болатбек Сабыржанұлы санаудың гүмірын шакірт төрбілеу саласына арнаган білікті ұстаз «Әкес көрген оқ жонар» дегендей, ондірімізге танымал азамат, «Қазақ КСРО халық ағарту ісінің үздігі», «КСРО оқу – ағарту ісінің үздігі» Сабыржан ОТАШЕВТАН тұган үлдің аке жолын күшп, бала оқытуға деңгейдегі заңдылықта шығар.

Болатбек ОТАШЕВ Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтын «Тарих, құқық және экономика негіздері» мамандығы бойынша аяқтап, алғашқы еңбек жолын Аманшөлді ауданындағы № 35 училищеде мұғалімдікten бастаган. Содан бері табан аудармай, 30 жылдан астам уақыт білім беру саласында жұмыс жасап келеді. Үнемі ізденісінің, еңбегінің арикасында коптеген жетістікке жетіп отыр. «Қазақстан педагогтарының Алтын кітабы» республикалық байқауының женімпазы, «Ыбырай Алтынсарин» тасбелісінің иегері. «Білім берудің инновациялық технологиялары» атты республикалық педагогтар сай-



ысында 2 орынды жеңіп алған. Мұнан болек, Елбасының: «Болашақда бағдар, рухани жаңғыру» бағдарламасындағы; «Тұган жерге тәжірім» болімін жүзеге асыруға улес қосканы үшін «Күрмет» грамотасын да иеленген болатын. Арқалық қаласының «Жыл адамы – 2015» атагына да лайық деп танылған еді.

«Ұстазы жақсылының – ұстамы жақсы». Болатбек Сабыржанұлының шакірттері де мұғалім мерейін асырып, талмай ізденудің нәтижесінде көптеген шындарды бағындырып үлгерген. Мысалы, шәхірті Айдана НУРГАЛИЕВАНЫҢ «Ахмет Байтурсынулы – қазақ халықының рухани көсемі» тақырыбындағы гүлыми – зерттеу жұмысы облыстық сайыста 1 орынды жеңіп алса, тагы бір із-

басары Шыңғысхан САБЫРЖАНОВ Алматы қаласында өткен «Алаш қайраткерлерінің Қазақстан тауелсіздігі жолындағы гүлыми мұрасы» атты республикалық гүлими – тәжірибелік конференцияға қатысып, «III дәрежелі дипломмен» марапатталған, Францияда өтетін гүлими – тәжірибелік конференцияға жолдама алынты. Басқа да шакірттері түрлі деңгейдегі додаларда топ жарып, биік деңгейлерін көрсетіп, ұстаз абыройын арттырып келеді.

Осы аталғандардың барлығы ескеріле отырып, 2020 жылы жарық көрген : «Қазақстанның Алтын кітабына» есімі еніп, ұстаз мерейін үстем етті. Жұмықтағана Родина орта мектебінің директорлық қызметіне тәгайіндалған Болатбек ОТАШЕВТІң қос жетістігімен күттіктай барғанымызда жүрекжарды лебізін былайша жеткізі. – Экемнің жолын күшп мен де жауапты һам мәртебелі мұғалім мамандығын таңдаган едім. Осы салада ширек ғасырдан астам уақыт еңбек етіп келемін. Шакірттерімнің, кейінгі үрпақтың болашағына пайдасын ақелер, білім – гүлым үйрету жолында жасаған азды – көпті жұмысым багаланып, сибетім еленип, есімім «Қазақстанның Алтын кітабына» енгенине қуаныштымын. Болашақта да бар күш – қуатымды білімді, мәдениетті үрпақ, тәрбиелеу ісіне жұмсай бермекпін, – дейді Болатбек Сабыржанұлы.